Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы қорытынды
«Зульфарм» жауапкершілігі шектеулі «Ерке» жеке балабақшасы
(білім беру ұйымының атауы)

Орал қаласы, Н.Назарбаев даңғылы **«27» маусым 2025 жыл**
215Б ғимарат, 308 кабинет **17 сағат 30 минут**

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңын (бұдан әрі – Заң), «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығын (бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттары) басшылыққа алып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Батыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті (бұдан әрі – Департамент) 2024 жылғы «23» қазанда № 537 бұйрықпен бекіткен 2025 жылы Мемлекеттік аттестаттаудан өтуге жататын білім беру ұйымдарының тізбесінің негізінде 2025 жылғы «25» маусым «27» маусым кезеңінде «Зульфарм» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Ерке» жеке балабақшасына мемлекеттік аттестаттау өткізілді.

Мемлекеттік аттестаттауды 2025 жылғы «24» маусымдағы № 807 бұйрығымен Департамент бекіткен аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі – комиссия) өткізді, құрамында:
-А.К. Онгарбаева - Батыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті білім сапасын сырттай бағалау бөлімінің бас маманы, комиссия төрағасы;
-Г.Х. Мусагалиева – «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бәйтерек ауданы білім беру бөлімінің «Жамбыл жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сінің шағын орталық әдіскері, комиссия мүшесі.
-А.Б. Аққайырова - Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Қаратөбе ауданы білім беру бөлімінің «Балдырған» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының әдіскері, комиссия мүшесі.

Комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерттеу объектілері бойынша өзін – өзі бағалау материалдарына талдау жүргізді, оның ішінде көрсетілетін білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (бұдан әрі-МЖМБС) талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізді.

Өзін-өзі бағалау материалдарын талдап, зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған деректермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия «Зульфарм» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Ерке» жеке балабақшасы қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштерін бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер	
1)	**білім беру ұйымының толық атауы** *(заңды тұлғаны тіркеу немесе қайта тіркеу туралы анықтамаға/куәлікке сәйкес білім беру ұйымының атауын көрсету)* «Зульфарм» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Ерке» жеке балабақшасы
2)	**білім беру ұйымының орналасқан жері** *(заңды мекенжайын және нақты орналасқан мекен-жайын көрсету).* 090000, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Зашаған кенті, Наурыз к., 96
3)	**заңды тұлғаның байланыс деректері** *(білім беру ұйымының телефонын, электрондық поштасын, ресми интернет-ресурсын көрсету)* телефоны 8(7112)212-702 электрондық поштасы gulek_3007@mail.ru, ресми интернет-ресурсы https://zulfarm-sad.testim.kz
4)	**заңды тұлға өкілінің байланыс деректері** *(басшының Т. А. Ә, лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың күні мен нөмірі көрсетілсін, бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі).* Зульфия Муратовна Куангалиева, балабақша құрылтайшысының 2019 жылғы 24 сәуірдегі №1 бұйрығымен лауазымға тағайындалған.
5)	**құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары** *(тіркеу нөмірін, БСН, анықтама берілген күнді/заңды тұлғаны тіркеу/қайта тіркеу туралы куәлік, Жарғының деректерін көрсету, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі)*. Заңды тұлғаны (БСН190440032663) мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасына сәйкес заңды тұлға 2019 жылының 24 сәуірінде тіркелген. Жеке балабақша жарғысы құрылтайшысымен бекітілген.
6)	**рұқсат беру құжаттары** *(бұйрықтың нөмірі мен күнін, білім беру қызметіне лицензияның берілген күнін және нөмірін, оның ішінде оған қосымшаны және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талонды көрсету, лицензияның және лицензияға қосымшаның көшірмелері қоса беріледі).* «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі мәліметтеріне сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламасы № KZ14RVK00022739 08.02.2020 ж. жіберілген. 07.02.2020 ж. № L.13.X.KZ27VWF00023437 санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы берілген.
1. Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын өлшемшарттар	
1)	**оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған іс-әрекеттің МЖМБС талаптарына** *(Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, Әділетте № 29031 нөмірімен тіркелген)* **және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына** *(Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы, Әділетте № 8275 нөмірімен тіркелген)* **сәйкестігі**.

	<u>Талдау нәтижесі:</u> Осы өлшемшарт бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерттеу келесіні көрсетті: 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында «Ерке» жеке балабақшасында «Еркемай» кіші, «Жұлдыздар» ортаңғы, «Айгөлек» ересек тобы жинақталған. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында оқу жұмыс жоспары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының 1,2-қосымшаларына сай жасалған. Бағаланатын кезеңде ұйымдастырылған оқу іс-әрекет кестесі үлгілік оқу жоспарға сәйкес құрылып, бекітілген. Осылайша, 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы талаптары сақталмағаны анықталды.
	ҚОРЫТЫНДЫ: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-ның 1-қосымшасы 2-тармағының 1) тармақшасына, 4-тармағының 1) және 2) тармақшаларына, МТО ҮОЖ 1 және (немесе) 2 және (немесе) 3-қосымшаларына сәйкес келеді.
2)	**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес** *(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы,* ***Әділетте*** *№ 14235* ***нөмірімен тіркелген)*** **және білім беру бағдарламаларымен (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) білім беру қызметін жүзеге асыру.** **<u>Талдау нәтижесі:</u>осы өлшемшарт бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды (білім беру бағдарламалары (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша), күн тәртібі, оқу жылына ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарлары, бағаланатын кезеңдегі тәрбие-білім беру процесінің апта сайынғы циклограммалары)зерттеу келесіні көрсетті:**мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-ның талаптары және тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттері іске асыру,ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны, білім беру іс-әрекетін тиімді интеграциялау,сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету,ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері талаптарға сәйкес зерделенді. Зерделеу нәтижесінде **2022-2023** оқу жылында «Айгөлек» ересек тобының циклограммасында қазақ тілі ұйымдастырылған іс әрекеттері ұсынылған кестеге сәйкес жүзеге асырылмаған. Кесте бойынша сәйкес келмейді «Еркемай», кіші тобында ұйымдастырылған іс әрекетінің кестесі орындалған. «Жұлдыздар» ортаңғы тобының құжаттары мүлдем жоқ. **2023-2024** оқу жылында «Айгөлек» ересек топқа арналған ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі сәйкес келмейді.«Жұлдыздар» ортаңғы жастағы тәрбиеленушілердің ортаңғы топ ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі ұсынылмаған. «Еркемай» кіші тобының ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі ұсынылып,орындалған. **2024-2025 оқу** жылында «Айгөлек» ересек тобының ұйымдастырылған іс әрекетінің кестесі дұрыс құрылғанымен Циклограммада ұйымдастырылған іс-әрекетіне сәйкес жүргізілмеген, ондағы баламен жеке жұмысы кіммен жұмыстанғаны жазылмаған, музыка пәні циклограммаға жазылмаған. Циклограмманың құрылымы ҚР Оқу ағарту министрінің 2024 жылғы 29

	қазандағы «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттар тізбесі» №319 бұйрыққа сәйкес емес. «Жұлдыздар», «Еркемай» топтарының циклограммалары мүлдем салынбаған. Перспективалық жоспар ҚР Оқу ағарту министрлігің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес құрылғанымен күтілетін нәтиже көрсетілмеген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МТО ҮОБ) сәйкес мектепке дейінгі білім беру ұйымының білім беру қызметін жүзеге асыру бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-ның 1-қосымшасы 4-тармағының 1) және 4) тармақшаларына, 13, 15, 17, 20-тармақтарына сәйкес жоспарда алған мақсат, міндеттер циклограммада ойындар, кіріктірілген іс - әрекет, зерттеу жұмыстары арқылы жүзеге асырған. Тәрбиелеу-білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымдағы іс-шаралардан тұратын күн тәртібіне (балаларды қабылдау, таңертеңгі жаттығу, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру шаралары, балалардың үйге қайтуы) сәйкес балалар іс-әрекетінің түрлері (ұйымдастырылған, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу) қарастырылған. МЖМБС-ның 1-қосымшасы 6-тармағына сәйкес тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылған.МЖМБС-ның 1-қосымшасы 4, 5-тармағына сәйкес әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар, балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу, тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамытуды жүзеге асыру «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Күй күмбірі», «Өнегелі 15 минут», ұлттық ойындар, апталық дәйексөздер арқылы көрсетілмеген. МЖМБС-ның 1-қосымшасы 7, 8, 9, 10, 11, 12-тармақтарына сәйкес циклогараммада физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру бағытында әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету, түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту, сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін меңгеру; креативті және сыни ойлауды дамыту, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып,

	ұлттық мәдениетке баулу, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалып- тастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге қабілет- тілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге; Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту бойынша дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, сенсорика, математика негіздері, құрастыру, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылған.МЖМБС-ның 1-қосымшасы 18-тармағына сәйкес тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылғанын еш жерден көре алмадық. **Осылайша, білім беру қызметі** мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес **жүзеге асырылмайтындығы анықталды.**
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» талаптарына сәйкес емес. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 1-қосымшасы 8,17-тармақтарына сәйкес келмейді
3)	**Мектепке дейінгі ұйымдардың үлгілік қағидаларын сақтау** *(Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы, Әділет ақпараттық жүйесінде № 29329 нөмірімен тіркелген).* **<u>Талдау нәтижесі:</u> <u>Талдау нәтижесі:</u> Осы өлшемшарт бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерттеу келесіні көрсетті:** «Зульфарм» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Ерке» жеке балабақшасы ұсынған дәлелдемелерге, ресми сайт пен ұлттық білім беру деректер қорындағы мәліметтерге талдау жүргізілді. Әдістемелік ұсынымдардың 2,3,4,5-қосымшалары ұсынылмаған. «Зульфарм» жауапкершілік шектеулі серіктестігінің мектепке дейінгі білім беру ұйымы балабақша түрінде құрылған. Алайда, «Ерке» балабақшасына 2-жастан бастап балалар қабылданған. Үлгілік қағиданың 5-тармақтағы «балабақша – үш жастағы және 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балаларға арналған мектеп жасына дейінгі топтардың болуын қарастырады» деген талабы бұзылған. Білім беру ұйымының жарғысы жасақталған. Жарғының көшірмесі ресми сайтқа ілінген. Жарғыда белгіленген функциялары орындалған. Балабақша

	жарғысының 5 - тарауында балабақшаға қабылдау тәртібінде қандай жастағы балаларды қабылдайтыны нақтыланбаған. Балабақшада 5-жасқа дейін тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамуындағы ауытқуды түзету және әлеуметтік бейімдеу, дамыту және медициналық бақылау, сондай-ақ қарау, бағу және сауықтыру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекет қаржыландыратын қызмет көрсету көлемін іске асырған. Тәрбиеленушілерге психологиялық-педагогикалық қолдау көрсеткен. Жас топтарды қалыптасыту туралы мәліметтер (мәліметтер әдістемелік ұсынымдардың 3-қосымшасынан алынған: Үлгілік қағиданың 7-тармағына сәйкес бағаланатын жылдары жас топтар бір жас ерекшелігі қағидасы бойынша жинақталған. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында «Еркемай» кіші тобы 20, «Жұлдыздар» ортаңғы тобы 22, «Айгөлек» ересек тобы 20 баламен қалыптастырылған. Бағаланатын жылдарында ерекше білімде қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер болған жоқ. Үлгілік қағиданың 9-тармағына сәйкес мектепалды даярлық сыныбын жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылған. Мектепалды сыныпта білім беру салалары бойынша тәрбиеленушілердің физикалық, интелектуалдық және жеке дамуы үшін қажетті ақпараттық ресурстармен, әдістемелік, дидактикалық құралдармен жабдықталған және кітап қорының жеткілікті екендігі ұсынылған құжаттардан байқалды. Мектептің инвентарлық есебіндегі құрал-жабдықтардағы көрсетілген пәндік-кеңістік дамытушы орта арқылы баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететіндігі анықталды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілген. Үлгілік қағиданың 14-тармағына сәйкес мектеп өз қызметін бекітілген кезеңдерге сай жүзеге асырған, каникул кезеңдерінің күні сақталған. Үлгілік қағиданың 20-тармақ 8-тармақшасына сәйкес ұлттық білім беру деректер қоры арқылы білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен автоматты түрде ақпараттармен алмасуды және мәліметтерді өзектендіруді толық қамтамасыз етілмеген. Өзін-өзі бағалау есебіне сәйкес балабақшада 8 педагог қызмет етеді. Бірақ ҰБДҚ-ға тек 5 педагогтің деректері енгізілген. Бейнебақылау камералардың бар-жоғы, саны енгізілмеген. Мүмкіндігі шектеулі адамдарға кедергісіз аймақты құру бойынша мәліметтер енгізілмеген. Өзін-өзі бағалау есебі мәліметтеріне сәйкес 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында 8 педагог қызмет атқарған. Оның ішінде 1 бөбекжай

	меңгерушісі, 6 тәрбиеші, 1 әдіскер. Бірақ ұлттық білім беру деректер қорына 5 педагогтің мәліметтері енгізілген. ҰБДҚ деректеріне сәйкес балабақша әдіскерінде жоғары педагогикалық білімі бар. Біліктілік санаты жоқ (еңбек өтілі 5 жылға дейін). Педагог соңғы рет біліктілігін 2019 жылы жетілдірген. Бұл Үлгілік қағиданың 24-тармақ талабының бұзулуы болып табылады. Төрт тәрбиешінің екеуінде тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі бар. Төртеуінде де біліктілік санаты жоқ (еңбек өтілдері 5 жылға дейін). Біліктілігін үш жылда кемінде бір рет жетілдірген тәрбиешілердің саны - 1. Балабақша меңгерушісі З.М. Куангалиевада педагогикалық білімі жоқ. Диплом көшірмесіне сәйкес З.М. Куангалиева 2007 ж. «Мақсат» медицина колледжін «Фармация» мамандығы бойынша бітірген. Балабақша меңгерушісінде педагогикалық білімінің болмауы Үлгілік қағиданың 22-тармақ талабының бұзулуына әкеп соғады. Үлгілік қағиданың 27-тармақ талабына сәйкес мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарына әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында консультациялық пункт құрылған жоқ. Жеке балабақшаның ресми сайтында консультациялық пунктінің құжаттары салынбаған. ҰБДҚ-да ата-аналарға арналған консультациялық пункт «жоқ» деп көрсетілген. Орал қаласы, Зашаған кенті, Наурыз к., 96 мекенжайы бойынша орналасқан «Зульфарм» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Ерке» жеке балабақшасы ғимаратына 07.02.2020 ж. № L.13.X.KZ27VWF00023437 санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы берілген. Осылайша, 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында «Зульфарм» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Ерке» жеке балабақшасымен үлгілік қағиданың талаптары сақталмағаны анықталды.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» талаптарына сәйкес келмейді. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 1-қосымшасы 4-тармағы 2-тармақшасына сәйкес келмеді.
4)	**Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы** **<u>Талдау нәтижесі:</u>** Осы өлшемшарт бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды (*оқу жылына арналған ересек тобы тәрбиеленушілердің жеке даму карталары, ересек тобының тізімі*) зерделеу келесіні көрсетті: 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында «Зульфарм» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Ерке» жеке балабақшасында 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында тәрбиеленушілердің жеке даму карталары жазылған. Баланың жеке даму картасында дамыту шаралары мониторинг нәтижелеріне сәйкес жоспарланғаны анықталды. Бірақ баланың даму деңгейі, яғни мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейі мектепке дейінгі

	тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын мектеп жасына дейінгі балалардың меңгеруі бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарына (2023 жылғы 5 қаңтардағы балаларды ерте дамыту институтының ғылыми-әдістемелік кеңесінің № 1 хаттамалық шешімі) сәйкес көрсетілмеген. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында баланың даму деңгейі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығында көрсетілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламаны меңгеру деңгейлері (I, II, III) жазылған. Мысалы, 2023-2024 оқу жылында «Айгөлек» ересек тобының тәрбиеленушісі И. Қадырбектың коммуникативті дағдылары қандай деңгейде дамығаны көрсетудің орнына, «өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын біледі. III деңгей – жоғары» деп жазылған. Бұны И. Қадырбек мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы «Коммуникативті дағдыларды дамыту» саласында белгіленген күтілетін нәтижелерден тек бір көрсеткішке жоғары деңгейде қол жеткізгенін түсінуге болады. 2024-2025 оқу жылында «Айгөлек» ересек тобы тәрбиеленушілердің жеке даму карталарын зерттеу барысында болмаған қорытынды мониторинг нәтижелері мен баланың даму деңгейі жазылған (ескерту: мамыр өзін-өзі бағалау кезеңіне кірмейді). Балалардың жеке даму карталарының үлгісі ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрық талаптарына сәйкес келмейді. Осылайша, баланың жеке даму карталары талапқа сай жүргізілмейтіні анықталды.
	ҚОРЫТЫНДЫ: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-ның 20-тармағына және МТО ҮОБ-ның 5-тарауы 230-тармағы мен 6-тарауына сәйкес келмеді.
5)	**Тәрбиеленушілердің даму мониторингінің (бастапқы) нәтижелерінің болуы және оларды талдау:** **<u>Талдау нәтижесі:</u>** Осы өлшемшарт бойынша «Зульфарм» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Ерке» жеке балабақшасында 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында бастапқы бақылау мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын мектеп жасына дейінгі балалардың меңгеруі бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарына (2023 жылғы 5 қаңтардағы балаларды ерте дамыту институтының ғылыми-әдістемелік кеңесінің № 1 хаттамалық шешімі) сәйкес жүргізілген. Жиынтық есебі өзін-өзі бағалау есебінде жазылған. Осылайша, бағаланатың кезеңде «Зульфарм» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Ерке» жеке балабақшасында тәрбиеленушілердің даму деңгейін анықтау мақсатында оқу бағдарламасының мазмұнын игеруі бойынша бастапқы даму мониторингі жүргізілгені және бастапқы бақылау нәтижелері талданғаны анықталды.
	ҚОРЫТЫНДЫ: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-ның 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 және 20-тармақтарына және МТО ҮОБ-ның 5-тарауы 230-тармағына және 6-тарауына сәйкес келеді.
6)	**Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере**

	отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктері мониторингісінің (қорытынды) нәтижелерінің болуы және оларды талдау **<u>Талдау нәтижесі:</u>** «Зульфарм» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Ерке» жеке балабақшасында 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында тәрбиеленушілердің даму деңгейін анықтау мақсатында оқу бағдарламасының мазмұнын игеруі бойынша қорытынды даму мониторингі жүргізілген. Жеке даму картасы толтырылған. Өзін-өзі бағалау есебінде қорытынды бақылаудың жиынтық есебі жазылған. Осылайша, Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктері мониторингісінің (қорытынды) нәтижелерінің және оларды талдау бар екендігі анықталды.
	ҚОРЫТЫНДЫ: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-ның 21-тармағына және МТО ҮОБ-ның 6-тарауына сәйкес келеді.
2. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын өлшемшарттар	
1)	**тәрбиеленушілердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарында белгіленген оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сәйкестігі және сақталуы:** **<u>Талдау нәтижесі:</u>** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 557 бұйрығы негізінде 3 оқу жылына арналған мектеп басшысымен бекітілген, білім беру бөлімімен келісілген оқу жұмыс жоспарларындағы оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарының ең жоғары көлеміне сәйкес келеді. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген білім стандартының 1-қосымшасы 23-тармағындағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың вариативтік оқу жоспарларын әзірлеу кезінде тәрбиеленушілердің жас, психологиялық-физиологиялық мүмкіндіктері мен ерекшеліктері ескеріле отырып, оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталады» деген талабы орындалған.
	ҚОРЫТЫНДЫ: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-ның 10-тармағына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың 1 және (немесе) 2 және (немесе) 3 және (немесе) - қосымшаларына сәйкес келеді.
3. Тәрбие және оқыту мерзіміне қойылатын талаптар.	
1)	**Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау:** **<u>Талдау нәтижесі:</u>** Үлгілік қағиданың 7-тармағына сәйкес бағаланатын жылдары жас топтар бір жас ерекшелігі қағидасы бойынша жинақталған. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында «Еркемай» кіші тобы 20, «Жұлдыздар» ортаңғы тобы 22, «Айгөлек» ересек тобы 20 баламен қалыптастырылған. Бағаланатын жылдарында ерекше білімде қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер болған жоқ. Осылайша, бағаланатың жылдары жас топтарды қалыптасыру кезеңінде қызметтің үлгілік қағидалары талаптары сақталғаны анықталған.
	ҚОРЫТЫНДЫ: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-ның 24 және

	25-тармақтарына сәйкес келеді
2)	**тәрбиеленушіні 1 сыныпқа қабылдағанға дейін МТО ҮОБ игеру мерзімдерін сақтау:** **<u>Талдау нәтижесі:</u>** бағаланатын кезеңдегі әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшаға сәйкес жас топтарының тізімін, оның ішінде білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналасты рылған тәрбиеленушілер контингенті бойынша мәліметтерді талдау тәрбиеленушіні 1 сыныпқа қабылдағанға дейін МТО ҮОБ игеру мерзімдерінің сақталғандығын көрсетті. Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиеленушілері Үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша меңгеруге тиісті білім, білік, дағдылар көлемін және құзыреттіліктерді меңгерген. Тәрбиеленушілер стандарт талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын игерген. 2022-2023 оқу жылында «Айгөлек» ересек тобындағы 20 тәрбиеленуші, 2023-2024 оқу жылында ересек тобының 20 тәрбиеленушісі тобындағы 15 тәрбиеленуші үлгілік оқу бағдарламасын игеріп, 1-сыныпқа шығарылған. Осылайша, тәрбиеленушіні 1 сыныпқа қабылдағанға дейін МТО ҮОБ игеру мерзімдері- нің сақталғандығы анықталды.
	ҚОРЫТЫНДЫ: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-ның 26-тармағына сәйкес.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Зульфарм» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Ерке» жеке балабақшасының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келмейді.

Бұзушылықтар мен ескертулер.

- **2022-2023** оқу жылында «Айгөлек» ересек тобының циклограммасында қазақ тілі ұйымдастырылған іс әрекеттері ұсынылған кестеге сәйкес жүзеге асырылмаған. Кесте бойынша сәйкес келмейді «Еркемай», кіші тобында ұйымдастырылған іс әрекетінің кестесі орындалған. «Жұлдыздар» ортаңғы тобының құжаттары мүлдем жоқ. **2023-2024** оқу жылында «Айгөлек» ересек топқа арналған ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі сәйкес келмейді.«Жұлдыздар» ортаңғы жастағы тәрбиеленушілердің ортаңғы топ ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі ұсынылмаған. «Еркемай» кіші тобының ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі ұсынылып,орындалған. **2024-2025 оқу** жылында «Айгөлек» ересек тобының ұйымдастырылған іс әрекетінің кестесі дұрыс құрылғанымен Циклограммада ұйымдастырылған іс-әрекетіне сәйкес жүргізілмеген, ондағы баламен жеке жұмысы кіммен жұмыстанғаны жазылмаған, музыка пәні циклограммаға жазылмаған.
- Әдістемелік ұсынымдардың 2,3,4,5-қосымшалары ұсынылмаған.
- «Зульфарм» жауапкершілік шектеулі серіктестігінің мектепке дейінгі білім беру ұйымы балабақша түрінде құрылған. Алайда, «Ерке» балабақшасына 2-жастан бастап балалар қабылданған. Үлгілік қағиданың 5-тармақтағы «балабақша – үш

жастағы және 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балаларға арналған мектеп жасына дейінгі топтардың болуын қарастырады» деген талабы бұзылған.

- Балабақша жарғысының 5 - тарауында балабақшаға қабылдау тәртібінде қандай жастағы балаларды қабылдайтыны нақтыланбаған.
- Балабақша меңгерушісі З.М. Куангалиевада педагогикалық білімі жоқ.
- Балабақша әдіскері соңғы рет біліктілігін 2019 жылы жетілдірген.
- Үлгілік қағиданың 20-тармақ 8-тармақшасына сәйкес ұлттық білім беру деректер қоры арқылы білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен автоматты түрде ақпараттармен алмасуды және мәліметтерді өзектендіруді толық қамтамасыз етілмеген. Өзін-өзі бағалау есебіне сәйкес балабақшада 8 педагог қызмет етеді. Бірақ ҰБДҚ-ға тек 5 педагогтің деректері енгізілген. Бейнебақылау камералардың бар-жоғы, саны енгізілмеген. Мүмкіндігі шектеулі адамдарға кедергісіз аймақты құру бойынша деректер енгізілмеген.
- Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарына әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында консультациялық пункт құрылған жоқ.
- Баланың жеке даму карталары талапқа сай жүргізілмеген.

Әдістемелік ұсынымдар.

- ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» № 419 бұйрықты басшылыққа алу;
- Мектепке дейінгі білім беру ұйымының атауын (түрін) ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы «Білім беру ұйымдары түрлерінің номеклатурасын бекіту туралы» № 50 бұйрығы талаптарына сәйкестендіру;
- ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті типтердегі және түрлердегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 385 бұйрыққа сәйкес мектепке дейінгі білім қызметін ұйымдастыру.

Мемлекеттік аттестаттау нәтижесі:

«Аттестатталмады».

Өлшеуіштер бойынша білім беру ұйымын бағалау

«төмен» - 2.

Комиссияның 2025 жылғы «27» маусымдағы хаттамалық шешімі

Комиссия төрағасы **А.К. Онгарбаева**

Комиссия мүшелері **Г.Х. Мусагалиева**

А.Б. Аққайырова

Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшемшарттарының
4-қосымшасы

Бағалау парағы

«Зульфарм» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Еркe» жеке балабақшасы
(білім беру ұйымының атауы)

№ р/с	Бағалау өлшемшарттары	Тиісті білім беру ұйымы өлшеуішінің бағалау мазмұны	Ұпайлары
1.	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	80%-дан төмен	2
2.	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	80%-дан төмен	2
3.	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	80%-дан төмен	2
4.	Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	95 - 99 %	4
5.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 болып тіркелген) сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдай жасау	80%-дан төмен	2
6.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 болып тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	95 - 99 %	4
7.	Жас топтарының толықтырулының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	100%	5
8.	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	100%	5
9.	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	100%	5
		Ұпайлардың жалпы сомасы: 31	

Ескерту: Егер білім беру ұйымының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес келмесе, білім беру ұйымының қызметін бағалау кезінде ұпайларын қорытынды сомасы 50% - ға төмендейді.

Өлшеуіштер бойынша білім беру ұйымының қорытынды бағасы: «төмен» - 2.

Комиссияның 2025 жылғы «27» маусымдағы хаттамалық шешімі

Комиссия төрағасы **А.К. Онгарбаева**

Комиссия мүшелері **Г.Х. Мусағалиева**

А.Б. Аккайырова